

20 Makaev Sh.A., Gontyurev V.A., Korolev V.L. Formirovanie genealogicheskikh liniy vysokoroslykh zhivotnykh novogo tipa kazahskoj belogolovoj породы. – Vestnik myasnogo skotovodstva: Materialy Vserossiyskoj nauchno-prakticheskoy konferencii. – Orenburg, 2006. – Vol. 59, №2. – S.121-123.

ТҮЙІН

Ірі қара шаруашылығы – мал шаруашылығындағы ең маңызды сала, біріншіден Біздің елімізде сиыр етінің өндірісін арттыру ірі қара малдың жас төлін бірізді қарқынды өсіру және семіртумен, малды бағу және жемдеу технологияларын жетілдірумен, өсірілетін малдың генетикалық мүмкіндігін барынша пайдаланумен өте тығыз байланысты. Қазақстанда өндірілетін барлық еттің жартысынан жуығын ірі қара еті құрайды. Өндірілетін ірі қара етінің үштен бірі ет бағытындағы малдан алынады. Етті ірі қара шаруашылығы мол өнімді экономикалық тиімділігі жоғары мамандандырылған сала болып табылады. Етті бағыттағы ірі қара малдарын өсіру біздің елдің етті мал шаруашылығында кең өріс алды. Өңірдің экстремальды табиғи климаттық жағдайларына осы тұқым малы төзімділігімен, азық талғамаушылығымен, жоғары бейімделгіш қабілетімен, жайылымда да, бордақылағанда да жақсы азық қорын өтеу қабілетімен және жоғары еттілік жетілгіштігімен ерекшеленеді. Қазақтың ақ бас тұқымы шөл және шөлейт далаларда жайылуға жақсы бейімделген, конституциясы мықты, тірілей салмағы мен тәуліктік салмақ өсімнің қарқындалағымен ерекшеленетін, жоғары өнімді қазақтың ақбас тұқымы қалыптасты. Аталған мал тұқымы Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы «Айсұлу» шаруа қожалығында өсірілетіндігі белгілі. Мақалада қазақтың ақбас тұқымының асылтұқымдық және өнімділік көрсеткіштер келтірілген.

РЕЗЮМЕ

Скотоводство-важнейшая отрасль животноводства, во-первых, увеличение производства говядины в нашей стране очень тесно связано с последовательным интенсивным выращиванием и откормом молодняка крупного рогатого скота, совершенствованием технологий выпаса и откорма скота, максимальным использованием генетических возможностей выращиваемого скота. Около половины всего производимого в Казахстане мяса составляет мясо крупного рогатого скота. Треть производимого мяса крупного рогатого скота получают от скота мясного направления. Мясное скотоводство является высокопроизводительной специализированной отраслью с высокой экономической эффективностью. Разведение крупного рогатого скота мясного направления получило широкое распространение в мясном скотоводстве нашей страны. К экстремальным природно-климатическим условиям региона скот этой породы отличается стойкостью, кормовым вкусом, высокой адаптивной способностью, способностью восполнять хорошие кормовые запасы как на пастбищах, так и на откорме и высокой продуктивностью. Казахская белоголовая порода сформирована высокопродуктивной казахской белоголовой породой, хорошо приспособленной к выпасу в пустынных и полупустынных степях, крепкой конституцией, отличающейся живой массой и интенсивностью прироста суточной массы. Как известно, данная порода скота выведена в крестьянском хозяйстве «Айсулу» Теректинского района Западно-Казахстанской области. В статье приведены племенные и продуктивные показатели казахской белоголовой породы.

УДК 636.2, 636.03

МРНТИ: 68.39.29; 68.39.19

DOI 10.56339/2305-9397-2022-2-2-27-34

Батыргалиев Е.А., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0003-0294-7401>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., 090009, Қазақстан Республикасы, erkin231088@mail.ru

Шәмшідін Ә.С., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, <https://orcid.org/0000-0001-5457-1720>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., 090009, Қазақстан Республикасы, 270180@mail.ru

Харжау А., ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі, <https://orcid.org/0000-0003-4551-1851>

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, Жәңгір хан көшесі, 51, Орал қ., 090009, Қазақстан Республикасы, kh.ainur@bk.ru

Мирзақұлов С.М., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, <https://orcid.org/0000-0003-4144-0435>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Абай даңғылы 8, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы, Mirzakulov.sergali@mail.ru

Махатова А.П., магистрант, <https://orcid.org/0000-0002-0484-8776>

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, Абай даңғылы 8, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы

Batyrkaliyev Y.A., candidate of Agricultural Sciences, **the main author**, <https://orcid.org/0000-0003-0294-7401>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, erkin231088@mail.ru

Shamshidin A.S., candidate of Agricultural Sciences, <https://orcid.org/0000-0001-5457-1720>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, 270180@mail.ru

Kharzhau A., master of Agricultural Sciences, <https://orcid.org/0000-0003-4551-1851>

NJSC «West Kazakhstan Agrarian and Technical University named after Zhangir khan», Uralsk, st. Zhangir khan 51, 090009, Kazakhstan, kh.ainur@bk.ru

Mirzakulov S.M., candidate of Agricultural Sciences, <https://orcid.org/0000-0003-4144-0435>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», 8 Abay Ave., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan, Mirzakulov.sergali@mail.ru

Makhatova A.P., master student, <https://orcid.org/0000-0002-0484-8776>

NJSC «Kazakh National Agrarian Research University», 8 Abay Ave., Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan.

СҮТТІ БАҒЫТТАҒЫ СИЫРЛАРДЫҢ ӨНІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ DYNAMICS OF PRODUCTIVITY INDICATORS OF DAIRY COWS

Аннотация

Ірі қара малымен селекциялық және асылдандыру жұмыстарын жүргізу барысында тірі салмақ, дененің дамуы, конституциясы сияқты көрсеткіштерді ескеру өте маңызды, аталған индикаторлар жануардың денсаулығы туралы ақпарат береді. Тірі салмақ, индикатор ретінде, әрдайым дерлік сүт өнімі сияқты маңызды селекциялық белгімен тікелей байланысты, бұл өз кезегінде жеке жануардың да, жалпы табынның да сүт өнімділігінің деңгейін анықтайды. Әрбір тұқым үшін тірі салмақтың өзіндік стандарты бар екенін есте ұстаған жөн, сонымен қатар, жануар денсаулығы мен зауыттық жағдайын сақтай отырып, сүт өнімділігінің генетикалық әлеуетін барынша арттыруға болады. Тірі салмақ тұқымдық стандарттан асып кетсе, кері корреляциялық байланыс көрсетуі мүмкін, ал өнімділікті арттырудың орнына ол төмендейді, жануар семіздікке бейім болады. Осыған байланысты сауын сиырларындағы тірі салмақты бақылау өте маңызды, осылайша олардың денсаулығын, жағдайын және жоғары сүт өнімділігін анықтауға болады. Біздің жұмыста тірі салмағына байланысты қара-ала тұқымдары сиырларының сүт өнімділігінің көрсеткіштерін бағаланды.

ANNOTATION

In selection and breeding work with cattle, it is very important to take into account such an indicator as live weight, which provides information about the development of the physique, constitution, and about the health of the animal. Live weight, as an indicator, almost always positively correlates with such an important breeding trait as milk yield, which, in turn, determines the level of milk production of both an individual animal and the herd as a whole. It must be remembered that each breed has its own standard for live weight, reaching which the animal can maximize its genetic potential for milk production, while maintaining health and factory condition. If the breed standard for live weight is exceeded, an inverse correlation relationship may manifest itself, and instead of

increasing productivity, it will decrease, the animal will have a tendency to obesity. In this regard, it is very important to control the live weight of dairy cows, thereby maintaining their health, resistance and high milk production. In this regard, in our work, an assessment of the indicators of milk productivity of the Black-White breed was carried out, depending on their live weight.

Түйінді сөздер: *сүтті бағыттағы сиырлар, қара ала тұқымы өнімділік көрсеткіштері, тірілей салмағы, сауын көрсеткіші, сүт майлылығы.*

Key words: *dairy cows, black-white breed, productivity indicators, milk yield indicators, live weight, milk fat content.*

Кіріспе. Қазақстан Республикасы сүтті мал шаруашылығы саласында жоғары тиімділікті әлеуеті бар Орталық Азиядағы перспективті аймақ болып табылады және де аталған сала бойынша іске асырылмаған ресурстары бар мал шаруашылығы саласы болып қала береді. Сонымен, сүтті мал шаруашылығын жүйелі түрде интенсификациялау және тиімділігін арттыру сиырлардың өнімділігін арттырмайынша, көрсетілген мәселеге қол жеткізу мүмкін емес [1].

Қазіргі сүтті мал шаруашылығының мәселелерінің бірі - жануарларды күтіп-бағу мен пайдаланудың технологиялық процесін бақылау мен жоспарлауға сауатты көзқарастың жоқтығы. Бұл талаптардың бұзылуы мал шаруашылығында жоғары экономикалық көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік бермейтін негізгі себептердің бірі болып табылады. Технологиялық нормалар сақталмаған және өндіріс тиімділігін жедел талдау құралдары жоқ [2, 3, 4].

Әлемнің дамыған елдерінде интенсивті және тиімді ауыл шаруашылығы өндірісін дамыту бүгінгі таңда жаңа технологиялық өндіріс процестерін енгізу арқылы да, осы процестерді басқаруда ақпараттық-технологиялық базаны жетілдіру арқылы да қамтамасыз етілуде. Әдетте, ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігінің негізгі факторы заманауи ақпараттық технологиялар болып табылады. Жаңа ақпараттық технологиялардың негізгі элементтері компьютерлік бағдарламалар болып табылады [18].

Пайда, өндірістің рентабельділік деңгейі сияқты экономикалық көрсеткіштер нарықтық экономика жағдайында бір ғана ауыл шаруашылығы саласының тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Жаңа ақпараттық технологияларды енгізудің түпкі мақсаты осы көрсеткіштерді барынша арттыру болып табылады [5, 6].

Қазіргі уақытта технологиялық операцияларды, процестерді және жалпы өндірісті басқаруға қажетті деректерді жинау, өңдеу және талдау, сондай-ақ оларды автоматтандырылған және стандартталған қабылдау және беру үшін әдістер, аппараттық және бағдарламалық өнімдер жетілдірілуде. Сүт-тауарлық фермалардағы жалпы өндіріс процесін оңтайландыру қазіргі таңда бұрынғыдан да маңызды [16, 17].

Республикада сүтті мал шаруашылығының жоғары тиімділігіне қол жеткізу бәсекеге қабілетті өнім алуға ықпал ететін сапалы жаңа өндіріс технологияларымен қамтамасыз етілуге тиіс. Малдың физиологиялық күйіне және өнімділік деңгейіне қарай сапалы азықтандыру жүргізу, өнімділік, өнім сапасының жоғары болуы, өндірістің өзіндік құнының төмендеуі шаруашылықтың көлеміне қарамастан өнеркәсіптік технологияға негізделген саланы интенсификациялауға негіз болуы керек [7, 8, 9].

Жоғарыда аталған мәселерде ауыл шаруашылық жануарларының, соның ішінде сүтті бағыттағы ірі қара малдарының өнімділігінің жақсартуына тікелей әсер етеді.

Жалпы сүт өнімділігі – сиырдан белгілі бір уақыт ішінде (күн, ай, сауым маусымы) алынған сүт мөлшері. Ірі қара малдың сүт өнімділігі көптеген факторларға байланысты: тұқымына, тірілей салмағына, азығына, жасына, малдың әл-ауқатына, сыртқы орта факторларына, тіпті желінің пішініне де байланысты болады [19,20].

Ірі қара малмен селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізуде селекционерге дене бітімінің әрі оның дамуы, сонымен қатар жануардың денсаулығы туралы ақпарат беретін тірілей салмағын ескеру өте маңызды. Тірілей салмақ индикатор ретінде әрқашан сүт өнімділігі сияқты маңызды асыл тұқымды қасиетпен оң корреляцияланады, бұл өз кезегінде жеке малдың да, жалпы табынның да сүт өнімділігінің деңгейін анықтайды [7, 8, 9].

Малдың сүт өнімділігіне оның тірілей салмағы тікелей әсер етеді. Сиырлардың сүттілігі тірілей салмағының жоғарылауымен артады, бұл сиырлардың ішкі мүшелерінің көлемінің көп болуына байланысты жемді көбірек жеп, сүтке өңдеуге байланысты болып келеді. Сондықтан

сүтті сиырлар ең өнімді және пайдалы болып саналады. Дегенмен сүт өнімділігі белгілі бір тірілей салмаққа дейін көтеріледі, содан кейін ол кері әсер байқалады. Сүтті сиыр тұқымдары тірілей салмағының әрбір 100 килограммынан жылына 800-950 килограмм сүт береді [10,11,12].

Сонымен қатар, әрбір тұқымның тірілей салмағының өзіндік стандарты бар екенін есте ұстаған жөн, яғни ауылшаруашылық жануарлары белгілі бір стандартты салмаққа жеткенде денсаулығы мен зауыттық жағдайын сақтай отырып, сүт өндірудің генетикалық әлеуетін барынша арттыра алады. Тірілей салмақ бойынша тұқым стандартынан асып кетсе, кері корреляциялық байланыс көрінуі мүмкін, өнімділікті арттырудың орнына ол төмендетеді, малда семіздікке бейімділігіш қасиет пайда болады. Осыған байланысты сауын сиырлардың тірі салмағын бақылау, сол арқылы олардың саулығын, төзімділігін және сүттілігінің жоғары болуын бақылау өте маңызды [13,14,15].

Материалдар мен әдістері. Ғылыми-зерттеу жұмыстары Ақтөбе облысы «Анисан» ШҚ және Батыс Қақстан облысы Бәйтерек ауданы «Шканов» ШҚ-да жүргізілді. Шаруашылықтың зоотехникалық құжаттамаларынан алынған мәліметтер негізінде сауын сиырларының сүт өнімділігінің көрсеткіштері зерттелді. Зерттеу объектісі ретінде 209 бас қара ала тұқымының сиырлары, яғни «Анисан» ШҚ-нан 155 бас, «Шканов» ШҚ-нан 54 бас алынды. Жануарларды іріктеу табынның жалпы популяциясынан кездейсоқ іріктеу арқылы таңдаулы зерттеу әдісі қолданылды.

Зерттелетін негізгі көрсеткіштер ретінде қарастырылып отырған кезеңдегі сүт өнімділігінің көрсеткіштері (тірі салмақ, кг; сүт өнімділігі, кг; сүттің майлылығы, %;) пайдаланылды. Алынған барлық мәліметтерді талдау және есептеу барысында келесідей селекциялық-генетикалық параметрлер пайдаланылды: орташа арифметикалық шама (М), орташа арифметикалық қателік ($\pm m$). Сонымен қатар, зерттеу барысында сиырларды тірілей салмағы бойынша бөлу кезінде әрбір тұқымның стандартты ауытқу ескерілді.

Нәтижелер және талқылау. Зерттеу әдістемесіне сәйкес сүт өнімділігінің көрсеткіштері «Анисан» ШҚ және «Шканов» ШҚ-да қара ала тұқымды сиырлардың тірілей салмағына бойынша зерттелді (1–2 кестелер).

Зерттеу нәтижесінің 1-кестесінде көрсетілгендей, «Анисан» ШҚ-да қара ала тұқымының барлық сиырларының ішінде жануарлардың 62%-ының тірі салмағы 426 кг немесе одан төмен, 21% - 427-477 кг диапазонында және 17% -ы 478 кг немесе одан жоғары екені анықталды.

Кесте 1 – «Анисан» ШҚ-да қара ала тұқымды сиырларының тірілей салмағына байланысты сүт өнімділігінің көрсеткіштері ($M \pm m$)

Көрсеткіш	Тірілей салмақ, кг		
	426 кг немесе одан төмен	427-477 кг аралығы	478-ден немесе одан жоғары
Сиырлардың саны, бас	96	33	26
305 күн сауым маусымы, кг	3400,0 $\pm$ 381,2	3785,0 $\pm$ 281,4	3531,0 $\pm$ 2754,3
Сүттің майлылығы, %	3,81 $\pm$ 0,03	3,92 $\pm$ 0,03	3,80 $\pm$ 0,05

Сонымен, 1-кестеде көрсетілгендей, «Анисан» ШҚ-да тірілей салмағы 427-477 кг құрайтын сиырлардың сүт өнімділігінің көрсеткіші қалған екі топтың көрсеткіштерінен сәйкесінше 385 кг (10,2%) және 254 (6,7%) кг жоғары болғаны анық. Сүт майлылығының ең жоғарғы көрсеткіштері тірілей салмағы 426 кг және одан төмен сиырлар тобында анықталды. Аталған жайтты, сүт өнімділігі мен сүт майлылығы арасындағы теріс корреляцияның болу мүмкіндігімен түсіндіруге болады.

Тірілей салмағы 478 кг және одан жоғары топтағы сиырлардың сүтінің майлылығы шаруашылықтағы басқа да топтармен салыстырғанда ең төменгі көрсеткіш болғаны анықталды (3,80 %). Бұл көрсеткіш, шаруашылықтағы бірінші (426 кг және одан аз) немесе екінші (427 - 477 кг) топтармен салыстарғанда сәйкесінше 0,26% және 3,06%-ға төмен.

Жалпы «Анисан» ШҚ-да тірілей салмақ деңгейіне байланысты сүт өнімділігінің орташа көрсеткіші 3572 кг құраса, сүтінің майлылығы 3,84 %-ға тең болды (1-диаграмма).




Диаграмма 1 – Сүтті ірі қара ала тұқымының орташа жылдық сүт өнімділік (А) және сүттің орташа майлылық (Б) көрсеткіштері

«Шканов» ШҚ-ғы қара ала сиырлардың тірілей салмағы мен сүт өнімділігінің көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – «Шканов» ШҚ-да сүтті қара ала тұқымды сиырлардың тірілей салмағына байланысты сүт өнімділігінің көрсеткіштері ($M \pm m$)

Көрсеткіш	Тірілей салмақ, кг		
	426 кг немесе одан төмен	427-477 кг аралығы	478-ден немесе одан жоғары
Сиырлардың саны, бас	26	17	11
Лактация кезіндегі сүт мөлшері, кг	3229,0 $\pm$ 354,1	3425,0 $\pm$ 257,4	3621,0 $\pm$ 251,9
Сүттің майлылығы, %	3,73 $\pm$ 0,16	3,71 $\pm$ 0,15	3,69 $\pm$ 0,10

Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей, «Шканов» ШҚ-да қара ала тұқымды сиырлардың 48,1% – 426 кг немесе одан төмен, 31,4% – 427-477 кг аралығында, 20,6%-ы – 478 кг немесе одан жоғары топтарында болды.

Сонымен, «Шканов» ШҚ-ның сиырлары арасында ең жоғары сүт сауымдылығы тірілей салмағы 478 кг және одан жоғары топта байқалып, көрсеткіштің орташа мәні 3621 кг сүтті құрады. Аталған топ сиырлары (478 кг және одан жоғары) басқа топ сиырлармен салыстырғанда, сәйкесінше 329 кг (10,8%) және 196 кг (5,41%) басымдылыққа ие болды.

Сүттің майлылығының ең жоғарғы көрсеткіші тірілей салмағы 426 кг немесе одан төмен сиырлар тобында байқалды, оның орташа мәні 3,73% құрады, бірақта аталған топ жануарларында сүт өнімділігі төмен болды, мұны сүт өнімділігі мен майлылығының салыстырмалы өзгергіштігімен түсіндіруге болады.

Қара ала тұқымды сиырлардың сүт өнімділігінің көрсеткіштерін зерттеу барысында сүттің орташа жылдық мөлшерінің көрсеткіші «Анисан» ШҚ – да 3572 кг құрап, Шканов ШҚ-мен салыстырғанда 147 (9,51%) кг артық болды.

Сүттегі майдың массалық үлесі бойынша барлық зерттелген сиырларда ұқсас заңдылық бар: сүт өнімділігі жоғарылаған сайын сүттің майлылығы төмендейді, ең аз көрсеткіш ең көп сауын сиырларда байқалады.

Сонымен, зерттеу барысындағы сиырлардың тірілей салмақ, сүт өнімділігі, сүттің майлылығы көрсеткіштеріне көптеген факторлар әсер етеді. Атап айтсақ, оларға азықтандырудан бастап, селекциялық-асылдандыру жұмыстары, күтіп-бағу жағдайлары, ветеринарлық-профилактикалық жұмыстар да тікелей әсер етеді.

Аталған шаруашылықтарға сиырлардың сүт өнімділігі сүтті бағыттағы қара ала сиырларының өзіндік стандартымен салыстырғанда оң нәтижеге ие.

Қорытынды. Шаруашылықтың рентабельділік деңгейін арттыру үшін тұқым ішілік өнімділік белгілері арасындағы байланысты ескере отырып, сүттілігі бойынша ең жоғары

өнімді сиырларды таңдау ұсынылады. Сиырларды сүттілігі бойынша іріктеу кезінде тірілей салмағын ескерген жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Чиндалиев Е.А., Суленов Ж.С., Юсупов А.К., Колокольников Ю.К. Рекомендация по организации и внедрению селекционно-племенной работы и консолидации новых типов молочного скота Республики Казахстан. – Алматы, 2009. – С.27.
- 2 Интернет көзі, URL: <http://agrarnyisector.ru>; 3,4
- 3 Скоркин В.К., Ларкин Д.К., Аксенова В.П. и др. Экономико-математическая модель и ее алгоритм при производстве молока // Проблемы интенсификации продукции животноводства. Варшава, 2011. – С. 236-245.
- 4 Скоркин В.К., Ларкин Д.К., Аксенова В.П. и др. Создание компьютерной программы формирования базы данных по технологическим и техническим решениям ферм КРС // Вестник ВНИИМЖ. – 2012. – №2(6). – С. 40-47.
- 5 Новинки ЕугоTier // Новое сельское хозяйство. – 2012. – №6. – С. 83.
- 6 Всяких А. М. Новая система выращивания высокопродуктивных коров. // Журнал. Молочное и мясное скотоводство. – 1993. – №1 – 10 с.
- 7 Совершенствование методов разведения молочных пород крупного рогатого скота [Текст]: монография / Л.П. Москаленко, Н.С. Фураева, Е.А. Зверева, Н.А. Муравьева. – Ярославль: Изд-во ФГБОУ ВО Ярославская ГСХА. – 2018. – С. 304 .
- 8 Москаленко Л.П. Особенности и эффективность селекции высокопродуктивных коров с учетом ряда признаков [Текст]: монография / Л.П. Москаленко, Н.А. Муравьева, Н.С. Фураева. – Ярославль: Изд-во ФГБОУ ВПО «Ярославская ГСХА». – 2012. – С. 146.
- 9 Москаленко, Л.П. Современные методы оценки продуктивности коров молочного направления [Текст]: научно-методические рекомендации / Л.П. Москаленко, Н.А. Муравьева, Н.С. Фураева. – Ярославль: Изд-во ФГБОУ ВПО «Ярославская ГСХА» – 2014. – С.102.
- 10 Русанова, В.В. Влияние некоторых физиологических факторов на молочную продуктивность коров черно-пестрой породы [Текст] / В.В. Русанова // Вестник Новосибирского аграрного университета. – 2018. – № 3. – С. 108–116.
- 11 Чеченихина, О.С. Факторы, влияющие на уровень молочной продуктивности коров при доении в доильных залах [Текст] / О.С. Чеченихина, О.Е. Лиходеевская // Вестник Новосибирского аграрного университета. – 2018. – № 3. – С. 108–116.
- 12 Басонов, О.А. Зависимость продолжительности хозяйственного использования коров от уровня молочной продуктивности / О.А. Басонов, О.Е. Павлова // Вестник Ульяновской ГСХА. – 2017. – №4(40). – С. 103-107.
- 13 Карамаев С.В., Валитов Х.З., Китаев Е.А. Научные и практические аспекты интенсификации производства молока: Монография. – Кинель : РИЦ СГСХА. – 2009. – С.252.
- 14 Крючкова, Н.Н. Продолжительность хозяйственного использования коров черно-пестрой породы разного уровня молочной продуктивности / Н.Н. Крючкова, И.М. Стародумов // Зоотехния. – 2008. – №2. – С. 16.
- 15 Ляшенко, В.В. Адаптация черно-пестрого скота в Пензенской области / В.В. Ляшенко, В.Ф. Зубринов // Зоотехния. – 2002. – №6. – С. 22-29.
- 16 Карамаев С.В., Валитов Х.З., Карамаева А.С. Скотоводство // Учебник для вузов. – СПб. – 2118. – 548 с.
- 17 Арзуманян Е. А., Бегучев А.П., и др. Животноводство / Е.А. Арзуманян, А.П. Бегучев, В.И. Георгиевский и др.; Под ред. Е.А. Арзуманяна. – 3-е изд., перераб. и доп. – М.: Агропроиздат. – 1985. – С. 222.
- 18 Родионов Г.В., Костомахин Н.М., Табакова Л.П. Скотоводство // учебник для вузов. – СПб. – 2017. – С.337-340.
- 19 Карамаев С.В., Топурия Г.М., Бакева Л.Н. [и др.]. Адаптационные особенности молочных пород скота: Монография. – Самара: РИЦ СГСХА. – 2013. – 195 с.
- 20 Некрасов, Д. К. Индексная селекция быков при смене поколений на увеличение продуктивного долголетия и пожизненного удоя дочерей / Д. К. Некрасов, Э.В. Зубенко, С.А. Бабнєев, М.А. Косинцева // Молочное и мясное скотоводства. – 2015. – №1. – С. 13-15.
- 21 Heinz S., Ilgner J., Leucht W., Pingel H., Triebler G. / Organization der reproduction landwirtschaftlicher nutztier bestande / Veb deutscher landwirtschafts verlag Berlin. – P. 82-96.

REFERENCES

- 1 Chindaliev E.A., Sulenov Zh.S., Iusupov A.K., Kolokoltsev Iu.K. Rekomendatsiia po organizatsii i vnedreniiu selektsionno-plemnoi raboty i konsolidatsii novykh tipov molochnogo skota Respubliki Kazakhstan. – Almaty, 2009. – S.27.
- 2 Internet kozi, URL: <http://agrarnyisector.ru>; 3,4
- 3 Skorkin V.K., Larkin D.K., Aksenova V.P. i dr. Ekonomiko-matematicheskaiia model i ee algoritm pri proizvodstve moloka // Problemy intensifikatsii produktsii zhivotnovodstva. Varshava, 2011. – S. 236-245.
- 4 Skorkin V.K., Larkin D.K., Aksenova V.P. i dr. Sozdanie kompiuternoi programmy formirovaniia bazy dannykh po tekhnologicheskim i tekhnicheskim resheniiam ferm KRS //Vestnik VNIIMZh. – 2012. – №2(6). – S. 40-47.
- 5 Novinki EuroTier // Novoe selskoe khoziaistvo. – 2012. – №6. – S. 83.
- 6 Vsiakikh A. M. Novaia sistema vyrashchivaniia vysokoproduktivnykh korov.//Zhurnal. Molochnoe i miasnoe skotovodstvo. – 1993. – №1. – S.10 .
- 7 Sovershenstvovanie metodov razvedeniia molochnykh porod krupnogo rogatogo skota [Tekst]: monografiia / L.P. Moskalenko, N.S. Furaeva, E.A. Zvereva, N.A. Muraveva. – Iaroslavl: Izd-vo FGBOU VO Iaroslavskaiia GSKhA. – 2018. – S.304.
- 8 Moskalenko L.P. Osobennosti i effektivnost selektsii vysokoproduktivnykh korov s uchetom riada priznakov [Tekst]: monografiia / L.P. Moskalenko, N.A. Muraveva, N.S. Furaeva. – Iaroslavl: Izd-vo FGBOU VPO «Iaroslavskaiia GSKhA». – 2012. – S. 146.
- 9 Moskalenko L.P. Sovremennye metody otsenki produktivnosti korov molochnogo napravleniia [Tekst]: nauchno-metodicheskie rekomendatsii / L.P. Moskalenko, N.A. Muraveva, N.S. Furaeva. – Iaroslavl: Izd-vo FGBOU VPO «Iaroslavskaiia GSKhA. – 2014. –S. 102.
- 10 Rusanova V.V. Vliianie nekotorykh fiziologicheskikh faktorov na molochnuiu produktivnost korov cherno-pestroi porody [Tekst] / V.V. Rusanova // Vestnik Novosibirskogo agrarnogo universiteta. – 2018. – № 3. – S. 108–116.
- 11 Chechenikhina O.S. Faktory, vliiaushchie na uroven molochnoi produktivnosti korov pri doenii v doilnykh zalakh [Tekst] / O.S. Chechenikhina, O.E. Likhodeevskaiia//Vestnik Novosibirskogo agrarnogo universiteta. – 2018. – № 3. – S. 108–116.
- 12 Basonov O.A. Zavisimost prodolzhitel'nosti khoziaistvennogo ispolzovaniia korov ot urovnia molochnoi produktivnosti /O.A. Basonov, O.E. Pavlova// Vestnik Ulianovskoi GSKhA. – 2017. – №4(40). – S. 103-107.
- 13 Karamaev S.V., Valitov Kh.Z., Kitaev E.A. Nauchnye i prakticheskie aspekty intensifikatsii proizvodstva moloka: Monografiia. – Kinel : RITs SGSKhA. – 2009. – S. 252.
- 14 Kriuchkova N.N. Prodolzhitel'nost khoziaistvennogo ispolzovaniia korov cherno-pestroi porody raznogo urovnia molochnoi produktivnosti /N.N. Kriuchkova, I.M. Starodumov// Zootekhnii. – 2008. – №2. – S. 16.
- 15 Liashenko V.V. Adaptatsiia cherno-pestrogo skota v Penzenskoi oblasti /V.V. Liashenko, V.F. Zubriianov // Zootekhnii. – 2002. – №6. – S. 22-29.
- 16 Karamaev S.V., Valitov Kh.Z., Karamaeva A.S. Skotovodstvo//Uchebnik dlia vuzov. - SPb. – 2118. – S.548.
- 17 Arzumaniian E. A., Beguchev A.P., i dr. Zhivotnovodstvo/E.A. Arzumaniian, A.P. Beguchev, V.I. Georgievskii i dr.; Pod red. E.A. Arzumaniiana. – 3-e izd., pererab. i dop. – M.: Agropromizdat. – 1985. – S. 222.
- 18 Rodionov G.V., Kostomakhin N.M., Tabakova L.P. Skotovodstvo//uchebnik dlia vuzov. – SPb. – 2017. – S.337-340.
- 19 Karamaev S.V., Topuriia G.M., Bakeva L.N. [i dr.]. Adaptatsionnye osobennosti molochnykh porod skota : Monografiia. – Samara : RITs SGSKhA. – 2013. – S. 195.
- 20 Nekrasov D.K. Indeksnaia selektsiia bykov pri smene pokolenii na uvelichenie produktivnogo dolgoletii i pozhiznennogo udoia docherei / D. K. Nekrasov, E.V. Zubenko, \S.A.Babneev, M.A. Kosintseva // Molochnoe i miasnoe skotovodstva. – 2015. – №1. – S. 13-15.
- 21 Heinz S., Ilgner J., Leucht W., Pingel H., Triebler G./ Organization der reproduction landwirtschaftlicher nutztier bestande / Veb deutscher landwirtschafts verlag Berlin. – P. 82-96.

В селекционно-племенной работе с крупным рогатым скотом важно учитывать такие показатели, как живая масса, развитие тела, конституция, эти показатели дают информацию о здоровье животного. Живая масса, как показатель, почти всегда напрямую связана с таким важным селекционным признаком, как молочная продукция, которая, в свою очередь, определяет уровень молочной продуктивности как отдельного животного, так и стада в целом. Следует учитывать, что каждая порода имеет свой стандарт живой массы, и можно максимально использовать генетический потенциал молочной продуктивности, сохраняя при этом здоровье и кондицию животного. Если живая масса превышает породный стандарт, может проявляться отрицательная корреляция, и вместо повышения продуктивности она снижается, животное склонно к ожирению. В связи с этим очень важно контролировать живую массу у коров дойного стада, тем самым, сохраняя их здоровье, резистентность и высокую молочную продуктивность.

В нашей работе нами проведена оценка показателей молочной продуктивности коров чёрно-пёстрой пород в зависимости от их живой массы.

УДК 637.07

МРНТИ 68.39.19

DOI 10.56339/2305-9397-2022-2-2-34-43

Айтжанова И.Н., PhD докторы, негізгі автор, <https://orcid.org/0000-0002-8940-6845>

«А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті», Тәуелсіздік көшесі, 118, Қостанай қ., 110000, Қазақстан, www.indira.rz@mail.ru

Габдуллин Ш.С., а.ш.ғ.м., аға оқытушы, <https://orcid.org/0000-0002-1102-437X>

«А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті», Тәуелсіздік көшесі, 118, Қостанай қ., 110000, Қазақстан, gabdullin.80@inbox.ru

Қалиева А.Н., <https://orcid.org/0000-0002-9310-441X>

«А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті», Тәуелсіздік көшесі, 118, Қостанай қ., 110000, Қазақстан, aruka_98_98@inbox.ru

Aitzhanova I.N., PhD, the main author, <https://orcid.org/0000-0002-8940-6845>

«Kostanay regional university named after A. Baitursynov», 118 Tauelsizdik str., Kostanay, 110000, Kazakhstan, www.indira.rz@mail.ru

Gabdullin Sh.S., master of Agricultural Sciences, senior lecturer,

<https://orcid.org/0000-0002-1102-437X>

«Kostanay regional university named after A. Baitursynov», 118 Tauelsizdik str., Kostanay, 110000, Kazakhstan, gabdullin.80@inbox.ru

Kaliyeva A.N. <https://orcid.org/0000-0002-9310-441X>

«Kostanay regional university named after A. Baitursynov», 118 Tauelsizdik str., Kostanay, 110000, Kazakhstan, aruka_98_98@inbox.ru

**«ЕВРАЗИЯ ИНВЕСТ» ЖШС ШАРТТАРЫНДА ТАЗАҚАНДЫ ЖӘНЕ БУДАН ҚАЛМАҚ
ТҰҚЫМЫ ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСІП-ДАМУ ДИНАМИКАСЫ
DYNAMICS OF DEVELOPMENT OF PUREBRED AND HYBRID OFFSPRING UNDER
THE CONDITIONS OF «EURASIA – INVEST» LLP**

Аннотация

Халықты сапалы мал шаруашылығы өнімдерінен алынатын азық-түлікпен қамтамасыз ету еліміздің ғана емес әлем елдерінде агроөнеркәсіп кешенінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Мақалада «Евразия – Инвест» ЖШС шарттарында тазақанды және будан қалмақ тұқымы төлдерінің өсіп-даму динамикасы бойынша эксперименттік деректер келтірілген. Зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін шаруашылықта 4 тәжірибелік топ құрылды: 1 топ – таза қанды қалмақ тұқымы бұқашықтары; 2 топ – таза қанды қалмақ тұқымы ұрғашы баспақтары; 3 топ – абердин - ангус тұқымымен будандастырылып алынған бұқашықтар; 4 топ – абердин - ангус тұқымымен будандастырылып алынған ұрғашы баспақтар. Әр топта 10 бастан. Тәжірибеге алынған төлдердің азықтандырылуы мен күтіп-бағу шарттары етті ірі